

1982-1991 жылдары туған азаматтарды 2009 жылғы сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 3 сәуірдегі N 415 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Семей қаласындағы Әділет басқармасында 2009 жылғы 6 мамырда N 5-2-110 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 1627 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2009.12.30 N 1627 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 19, 20, 21-баптарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына сәйкес, 2009 жылғы сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда азаматтарды мерзімді әскери қызметке мерзімінде және сапалы шақыруды қамтамасыз ету мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген 1982-1991 жылы туған азаматтарға 2009 жылдың сәуір – маусымында және қазан – желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды өткізсін;

2. Семей қаласында азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізу үшін қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бұдан әрі - ҚІБ) жанынан Ш. Уәлиханов көшесі, 108 – үйде шақыру учаскесі және мына құрамда қалалық шақыру комиссиясы құрылсын:

Шаханов Шамғали Нұрғалиұлы	қорғаныс істері жөніндегі басқарманың бастығы, төраға (келісім бойынша)

Қалалық шақыру комиссиясының мүшелері:

Ыбыраев Мұратбек Кәрібайұлы	ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Күшенев Ержан Мүтдәсірұлы	дәрігер, медициналық комиссияның төрайымы (келісім бойынша)
Сағитова Гүлмира Тұрсынғалиқызы	мейірбике, хатшы (келісім бойынша)

3. Азаматтарды Семей қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасындағы шақыру комиссиясынан өткізуді жүргізудің қоса берілген кестесі 2009 жылғы 1 сәуірден 30 маусымға дейін және 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейін болып бекітілсін.

4. Ауылдық округтер мен кенттер әкімдері:

1) шақырылғандарды комиссияға арнайы жабдықталған автобустарда ауылдық округтер мен кенттер әкімдерінің немесе әскери – есеп үстелдері инспекторларының бірге алып жүруімен жеткізуді ұйымдастырсын;

2) шақырылғандарды тасымалдау кезінде қайғылы оқиғаларды болдырмау үшін ш а р а қ а б ы л д а с ы н .

5. Семей қаласы бойынша облыстың денсаулық сақтау басқармасы бастығының орынбасары Ғ. А. Жуасбаева (келісім бойынша):

1) шақырылғандарды медициналық куәландыруды жүргізу үшін ҚІБ дәрігер – мамандар мен орта медициналық персоналды негізгі жұмыс орны бойынша ең бе ка қ ы с ы н са қ т а й отырып бөлу;

2) шақырылғандар тексеру және емдеу үшін жіберілетін емдеу мекемелерінің тізбесін ҚІБ ұсыну, емдеу – алдын алу мекемелерінің стационарларына ҚІБ жолдамалары бойынша қосымша тексеру үшін төсектер резерві болуы ұсынылсын. Қосымша тексерулер ҚІБ белгілеген, бірақ 10 тәуліктен аспайтын мерзімде актілер жасала отырып жүргізілсін;

3) қала ауруханаларына қажетті талдауларды тексеруді жүргізуді ұ й ы м д а с т ы р у ұ с ы н ы л с ы н .

6. Ішкі істер басқармасына Ж. К. Исәділов (келісім бойынша):

1) шақыру және шақырылғандарды әскери жіберу кезеңінде шақыру учаскесінде кезекшілік ету үшін полиция қызметкерлерін бөлу;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне шақырудан жалтарып жүрген азаматтарды ҚІБ хабарламасы бойынша іздестіруді қамтамасыз ету ұ с ы н ы л с ы н .

7. Семей қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 2 сәуірдегі № 339 «1981-1990 жылдары туған азаматтарды 2008 жылғы сәуір-маусымда және

8. Қала әкімдігінің осы қаулысының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т. Ж. Мүсәпірбековке жүктелсін.

9. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

қаулысымен бекітілген

[illegible]

[illegible]

Командалар нөмірі	желтоқсан																				
	1	2	3	4	7	8	9	10	11	14	18	21	22	23	24	25	28	29	30	31	
Жаяу әскерлер	50								20												
Басқа әскерлер																					
БУӘЖ					50				20												
Тексеру				50		50				50	50	50				50	50	50			
Студенттер		50					50	50	10				50	50	50				50	50	

Семей қаласының қорғаныс істері
жөніндегі басқарма бастығы, подполковник Ш. Шаханов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК